

жүгі мен атқарар ісі мол болып келмек. Сөз зергерлері – шеберлікті жан-жақты жетілдіріп, шындай түсуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
2. Мағауин М. Аласапыран. 1-том. – Алматы: Жалын, 1981. – 384 б.
3. Мағауин М. Шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы: Қағанат FMO баспасы, 2002. – 742 б.

Сманова Улжарқын

Академик Е.А.Бөкетов ат. ҚарУ филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к, доцент
Жуынтаева З.Н.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

«Үндеу амалы» деген терминді жете түсіну үшін, алдымен, оқшау сөз деген терминді қарастырып өтуіміз қажет. Қазақ тілінде оқшау сөздер – сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік, сонымен қатар, грамматикалық байланысқа түспей, дауыс ырғағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құралы» атты еңбегінде оқшау сөздерді «бұратана сөздер» деген атпен береді. Бұратана сөздер сөйлемде басқа мүшелермен байланыспайды. А. Байтұрсынұлы бұратана сөздерді екіге бөледі. Бірі қаратпа болса, екіншісі қыстырма сөздер.

Бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі. Бір түрі – сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөз деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздерімен үйлеспейді, байласпайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды. Екінші түрі сөз бетін біреуге қарата, қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар қаратпа сөз деп аталады. Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейді, байласпайды [1, 286].

Біздің мақсатымыз – үндеу амалдарының бірі – қаратпа сөздердің қызметі мен жасалу жолдарын қарастыру.

Белгілі психолог және лингвист Карл Бюлертің негізгі атқаратын үш қызметін атап көрсеткен. Оларға: пікір білдіру, эмоция білдіру және үндеу қызметі жатады екен. Әрине, ең басты қызметі пікір білдіру болса, оған көмектесіп, пікірдің нақты кімге арналғанын көрсету үндеудің қызметі. Қазақ тілінде үндеу амалы деген термин осы қызметке жауап береді.

Тілдің үндеу қызметі ылғи көріне бермейді. Ол әсіресе ауызекі сөзде көбірек көрінеді. Ауызекі сөзді тыңдаушы тікелей есітіп, түсініп алуға тиіс. Сондықтан сөйлеуші сөзі түсінікті, дәл жету үшін тыңдаушының назарын аударып алады [2, 95].

Р.Әмір мен Ж.Әмірова «Жай сөйлемнің синтаксисі» деген еңбегінде синтаксис саласы бойынша яғни сөз тіркестерін, жай сөйлемдердің құрылысын, сөйлем түрлерін, сөйлем мүшелерін, үндеу амалдарын зерттеп, талдау жасап жарыққа шығарған. Соның ішінде, маңызды тақырыптарының бірі, ғылыми қарастырған мәселелерінің бірі, үндеу амалдарының қаратпа сөз түріне ерекше тоқталмақпын.

Қазіргі қазақ тілінде сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа енбей, олардан дауыс ырғағы арқылы бөлектеніп айтылатын сөздер – сөйлемдегі оқшау сөздер болады. Мұндай синтаксистік категориялар – қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз болып үшке бөлінеді [3, 141].

Сөйлемнің экспрессивтілігін арттыруда да қаратпа сөз бен қыстырма сөздің қызметі ерекше. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық байланыста жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет атқарады. Қаратпа сөздер әсіресе шешендік сөзде, үндеуде, диалогті сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады.

Қаратпалардың негізгі міндеті – тыңдаушының назарын аударту. Сол арқылы белгілі бір аралық байланыс туады. Бірақ поэзияда олар бұл функциясын тікелей атқармайды. Онда автор мен тыңдаушы арасындағы тікелей коммуникативтік байланыс болуы шарт емес [4,33].

Үндеу амалы қаратпа сөздерден жасалады дедік. Қаратпа сөз мәселесі бойынша, барша қазаққа белгілі, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев туындыларынан мысал келтірдім.

Зат есімнен жасалған қаратпа сөздер.

1. Жалпы есімді қаратпа сөздер. Тыңдаушының аты-жөні, яғни жалқы есімдер және адамның кәсібіне, туыстық жайына, жынысына, жасына байланысты айтылатын сөздер мен тіркестер [5,111].

Шеше,

Сен бақыттысың!

Жыламағын.

Жай түсіп жатқанда да құламадың.

Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,

Сондықтан жыламағын, жыламағын! (М.М). «*Шеше*» жалпы есімді қаратпа сөзі, әйел кісіге яғни анаға қаратылып айтылады. Ана, анашым, апа сөздірем синоним болады.

2. Жалқы есім қаратпа сөздер. Қаратпа сөз атау тұлғадағы жалқы, жалпы есімдермен айтылады [6, 268].

Фариза!

Фаризажан, Фариза-қыз,

Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.

Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,

Бірімізден біріміз арылармыз (М.М). «*Фаризажан*» жалқы есімі, экспрессиялық мән үстеуде «жан» қосымшасы қосып айту қалыптасқан. Бұл тұлғадағы қаратпа сөздер еркелету, налу, ренжу секілді эмоционалдық реңкті білдіру үшін қолданылады.

Жалқы есім оның ішінде кісі атына байланысты қолданудағы бір ерекшелік – үлкен кісіні сыйлап, құрметтеп айту ол сол кісі атына жұрнақ жалғап айту арқылы ғана емес, атау тұлғалы есім сөзге сыйлау, құрметтеу мағынасын беретін сөздерді тіркестіріп айтып білдіруге де болады [7, 14].

Кей жалқы есім қаратпа сөздер (кісі атына –ақа, -еке, -жан, -тай секілді жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған):

Кей жалқы есімдер –ақа, -еке, -жан, -тай, қосымшалары арқылы еркелетуді, сыйлауды білдіріп, толық жалқы есімдерден кем түспейді.

Ғабеке,

Анда-санда сізді көрем,

Сізді көрсем жомарт бір күзді көрем,

Еліктеп өзіңізге есім кетіп,

Көгендеп ақ қағазға тіздім өлең (М.М). «*Ғабеке*» Ғабит, Ғабдулла сынды есімдерге «еке» рең мәнін тудырушы жұрнақ жалғанады.

Дерексіз затты қаратпа сөздерге. Жансыз, дерексіз заттардың атауы да қаратпа бола алады. Дерексіз затты қаратпа сөздерге: дүние, есім, өмір, көңіл, ақыл, қайрат, уақыт сөзі де қаратылып айтыла береді.

О, тәңірім!

Неғылған шаққа айналды?!

Қаусаттың-ау іргемді қара жауым,

Қан боп ақсын басыңа қара жауын! (М.М). «*Тәңірім*». Ежелгі түркі халықтарының сеніп, жалбарынған Құдайдың аты.

Сын есімді қаратпа сөздер. Қаратпа сөз ретінде сапалық, қатыстық сын есімдер де, заттанып барып жұмсалады.

Қайдасың көріктім, гөзелім

Сен-дағы ойлайсың сеземін.

Жалғызбын білмеймін неліктен

Болса да өз үйім, өз елім. (М.М). «*Көріктім*», «*гөзелім*» қаратпалары қызға немесе ғашығына еркелетіп айтылу мақсатында қолданылады.

Сын есімдердің тәуелденуі арқылы жасалған қаратпа сөздер. Жасы кіші адамға, балаға, жақсы көрген адамға, айтылатын *қарағым, жаным, сәулем, шырағым, қалқам, күнім, айнам, құлыным, ботам, қозым*, сияқты сөздер І жақ жекеше тәуелдік жалғауда тұрып, қаратпа сөздер ретінде

қалыптасқан. Бұлар да жеке тұрып та, басқа жалқы, жалпы есімдермен қатар келіп те қаратпа болады [5,118].

Қарағым!

Мен тағы үйлену тойыңа барамын.

Мен бүгін тағы да

Өзіңнен адасып қаламын, *Қарағым!* (М.М). «*Қарағым*» қаратпа сөзін, ата – анасы баласына немесе ересектер жас баланы еркелете айтатын сөзі.

Қаратпа сөздердің түрлері де, сөйлемдерге енгізетін мағыналық өзгерістері де сан алуан. Олардың негізгілері мыналар:

1. *Әй, ей* қаратпа сөздері бар сөйлемдер дәрежелікті білдіреді.

Ей, есі бар тұлғалар, қараңдаршы өздерің,

Түсінбесің түсінбесің, түсінерсің сезгенің,

Астарлы өлең ар жағында ақын нені көздеді... (М.М).

2. Бірқатар қаратпа сөздер біреуге жылы шыраймен жасы кішіні жақын көріп жұмсағанда қолданылады.

Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың?

Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау-құсым? (М.М).

3. Біреуді жақын көріп, сыйлы санап не еркелеп сөйлегенде, кісі атын қысқартып Ақа, Сәке деп немесе інішек, апеке ағатай деп айтады.

Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайым,

Мен қалай, *Әбе*, сені жат санайын (М.М).

4. Жансыз затты қаратпа сөз арқылы атай сөйлеу көркем әдебиетте жиі кездестіруге болады.

- Кеш, *аруақ*, - деп, - тентекті. - жалынады.

Жаудырады иманын, тобаларын (М.М).

Қаратпа сөздер құрылымы жағынан жалаң және жайылма болып келеді. Жалаң қаратпа сөздер жалқы есімдерен басқа мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Атау тұлғадағы жекеше, көпше түрдегі, тәуелдік жалғаусыз зат есімдер немесе зат есім орнына қолданылған есімше, сын есім.

О, *арсыз!* Ақсия күліп тұр,

Адамды адамға айдап сап (М.М).

2. Жасы кіші адамға, балаға, жақсы көрген адамға айтылатын қарағым, жаным, шырағым, қалқам сияқты сөздер І жақ жекеше тәуелдік жалғауда тұрып, қаратпа сөздер қалыптасқан.

- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?

- Қойшы, *сәулем*, бәрін де көтеремін (М.М).

3. Әй, ау, ей, өй, уа тәрізді одағайлар да қаратпа сөз ретінде жұмсалуды мүмкін.

Жайылма қаратпалар құрамы жағынан әр түрлі болады.

Ей, жүрегім, жеңілме! (М.М).

1. Есім мен етістіктің тіркесінен жасалған қаратпалар тілек, қарғыс, ұрсу т.б сәттерде айтылады. [8,686].

"*Ей, күнәсіз*, егерде тұрмаса алдап пішінің,

Бұрыннан-ақ сені мен танитұғын кісімін,

Ортасынан көргенмін латындар ісінің (М.М).

Р. Әміров «Қаратпа сөз сөйлемнің коммуникативтік талабына сай лексикалық, грамматикалық, интонациялық түр алады. Ол бірде қатал, суық, сұсты етіп көрсетуге қызмет етсе, бірде сыпайылық, эмоциялықты білдіру үшін қызмет етеді», - деп қаратпалардың стильдік реңктерін көрсетеді [4, 96].

Қорыта келгенде, қаратпа сөздер – ең көп, әрі күрделі, ең ерте қалыптасқан түрі. Қаратпа сөз күрделі түрде бірнеше сөз арқылы айтылуы да мүмкін. Қаратпа сөз тіркестері барлық жағдайларға жұмсалады. Жекеше, көпше, тәуелдік жалғауларында әсіресе, зат есім, заттанған сын есім, сан есім, есімдік, одағай, еліктеуіш сөз таптары, тіпті жеке сөздермен жасалады. Қаратпа сөздер сөйлемнің байланысу(матасу, қабысу) формасында да кездеседі. Қаратпалар диалогта, шешендік сөзде, үндеуде, поэзияда қолданылады. Осыларда қаратпалардың жұмсалуды мақсаты, мағыналары әртүрлі болуымен ерекшелене түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
3. Шәукенұлы Қ. Синтаксис. – Алматы: Арыс, 2004. – 248 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
4. Әділова А.С., Қабанов М. Ш. Қазақ толғауларындағы қаратпа сөздер.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. II том. – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
6. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994.
7. Мұсабекова Ф.М. Қазақ тіліндегі зат есім стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1990.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

Аккизова Мадина Қуанышевна

Қарағанды техникалық университеті, Арх-21-4 студенті

Ғылыми жетекшісі: Абилкасов Ғ.М.
п.ғ.м., қазақ тілі және мәдениеті
кафедрасының аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КИЕЛІ САНДАР: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақаламыздың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ және ағылшын тілдеріндегі қасиетті (киелі) сандар қолданысының мағынасын, тұрақты тіркестер құрамына енген сөздердің лексикалық мағынасындағы байланыстарды, сөздердің мағынасының кеңеюі, тарылуы, қолданылу шеңбері т.б. қасиеттері мен этнолингвистикалық табиғатын анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біз ғылыми ізденісімізге қатысты жазылған теориялық еңбектерді оқып, сан есімдер туралы қысқаша түсінік бердік, қазақ тіліндегі киелі сандардың халық өміріндегі маңызын, өмірде алатын орнын, киелі түсініктердің, ұғымдардың шығу тарихын білу үшін қасиетті сандар жайында мағлұматтармен танысып, оларды жүйеледік, ағылшын тіліндегі киелі сандар туралы мәліметтермен танысып, сөздіктерден материалдар жинастырып, жиналған материалдарды бір жүйеге келтірдік, көркем шығармаларда киелі сандардың қолданылу ерекшелігін қарастырдық.

Мақала жазу барысында сан есімдердің этнолингвистикасын қарастыру үшін жинақтау, салыстыру, талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Тіл білімінше сандар ерекшелігі, қасиеті, шығу тарихы толық зерттелді деп айта алмаймыз. Әлі де сандардың ашылмаған құпия сыры, жұмбақ қасиеті бар екені анық. Мәселен, қазақ халқы үшін жеті, тоғыз, үш, қырық сандары киелі болып есептеледі. Сандар ұғымының құпиясын ашқан атақты ғалымдардың (Базен Л., Тенишев Э. Р., Чернышев В. И., Умаров Э. А., І.Кеңесбаев, Ә. Хасенов, Ә. Қайдар, Н. Уәлиұлы, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Н.Оралбаева, Т. Сайрамбаев, Ж. Байзақов, А. Машанов, А. Елешева, Қ. Ғабитханұлы, Қ. Дүсіпбаева т.б.) сүйене отырып, мақаламызда киелі сандар бар тұрақты тіркестерді анықтадық.

Тілдің ішкі құрылымының халықтың рухани өмірімен, ой санасымен, мәдениетімен, тарихымен байланыс дәрежесін жан-жақты талдап, ол туралы идеяны алғашқы рет теория ретінде қарастырған, этнолингвистиканың негізін қалаушы ғалым Вильгельм фон Гумбольдт болды [1].

Шондуг Баясгалан өз еңбектерінде монғол, орыс және ағылшын тілдерінде сан есімдердің қолдану (тарихи, мәдени, мифологиялық) ерекшеліктерін қарастырған. Соның ішінде монғол тілінде — 5, 7, 9, 11, 13 сандары, орыс тілінде - 7, 9 сандары, ал ағылшын тілінде - 4, 7, 9, 10 сандарының киелі ұғымы бар екенін айтып кеткен.

Сонымен екі халықтың сөздік қорында ерекше топ болып саналатын киелі сандардың қазақ және ағылшын тілдеріндегі қолданылу ерекшелігін анықтап, ұлттық таныммен тығыз байланыста «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізуге талпыныс жасадық.

Ағылшын тіліндегі сандардың қолданылу ерекшелігіне келсек, қазақ тілімен салыстырғанда оларда киелі сандар деген ұғым орнықтама. Мәселен, ағылшындарда бір саны бір компонентті дәстүрлі сан болып есептеледі. «The one and only». Ағылшын идиомасында one in a thousand сөзі көбнесе one in a hundred, one in a million): [2,167] unique мағынада; one of a very few. He's a great